# НҰРА

Еженедельная газета Нуринского района

№ 38 (46154)
СУББОТА,
21 сентября
2002 года

Газета издается с 1 мая 1963 года. ГАЗЕТА ВЫХОДИТ НА КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ. ЦЕНА ДОГОВОРНАЯ


*РЕДАКТОР БАҒАНАСЫ*

## Тілдер күні

Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен 22 қыркүйек - Қазақстан халықтарының тілдері күні болып белгіленген. Ол дұрыс та, үйткені Қазақстан - көпұлтты мемлекет. Тіл негізінен, қазақ үшін өнер, байлық, әдеп, үлгі, өнеге. Орта ғасыр ғұламасы Ж. Баласағұн "Тәрбие басы - тіл", "Кісіге құт - тілден" деген. Ұлы Абай "Өнердің алды - қызыл тіл" десе, халқымыз "Тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ" дейді. Әрине, мұның бәрі өмірден алынған тұжырым.

Қазіргі заманда халық пен халық, ұлт пен ұлыс бірлесе өмір сүріп отырған тұста және көп ұлтты мемлекет жағдайында өз халқыңды сүюмен қатар, өзге халықты да құрметтеу, тілін қастерлеу, бүгінгі қоғамдағы гуманизмнің басты өлшемі болып саналады. Қазақстан Конституциясының 7-бабында: "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды", - деп жазылған.

Еліміздегі барлық тілдерге, оның өкілдеріне құрмет көрсету, қошаметтеу бір-бірімізге сыйластықпен қарау деген сөз. Өзге тілді құрметтеу алдымен өз тіліңді құрметтеуден басталады. Ана тілі туралы қаншама айтылып та, жазылып та келеді. Бірақ ана тілінің құдіретін қанша айтсақ та, түгесу мүмкін емес. Адамдағы ұлттық мақтаныштың алғашқы ұшқындары да жүрекке тіл арқылы ұялайды. Өскен ортаның табиғаты мен халқының мәдениетіне, дәстүріне деген көзқарас та туған тілді білуден басталады. Тілдің еркендеуі көп уақытты, ұзақ жылдарды қажет етеді, ал оның дамуы әрбір азаматтың ана тіліне деген ықыласын, мемлекеттік қолдауды қажет ететін құбылыс. Мемлекеттік тіл халықтың рухани қазынасы ғана емес, сонымен бірге экономикалық және әлеуметтік өмірінің көрінісі екенін түсінгеніміз жөн. Халықтың тілі мен еркендеуі бірімен-бірі қатар жүреді. Осы тұрғыда 90-жылдардың басында халықтың өзі көтерген "Тіл тағдыры - ел тағдыры" ұранының маңызы бұл күндері ерекше артып отыр.

Жалпы алып қарағанда облысымызда, соның ішінде біздің ауданымызда тіл мәртебесін өсіру бағытында атқарылып жатқан игі істер баршылық. Оны тілге деген бүгінгі бетбұрыстардан әбден көруге болады. "Қазақстан Республикасының Тіл туралы" Заңына және тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес аудандық бағдарлама жасалынып, оның қаржыландыру жүйесі де бекітілді. Аудандық әкімшілікте, білім бөлімінде іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Аудан әкімінің шешімдері, өкімдері мемлекеттік тілде қабылданады. Ауданда азаматтардың өтінішіне жауап, арыз түскен тілде беріледі. Отырыстар мен кеңестер екі тілде өтеді. Балықтыкөл, Ақмешіт, Кертінді, Байтуған, Изенді, Құланөтпес, Жараспай, Амантау ауылдарының, Теңіз өңірінің әкімшіліктерде іс жүргізу қазақ тілінде, ал қалғандарында екі тілде жүргізіледі.

Мекемелер мен ұйымдарда мамандардың басым көпшілігі мемлекеттік тілді меңгергендіктен, аудармашы қызметіне сондай үлкен сұраныс жоқ. Дегенмен аудандық ішкі істер бөлімі, телеком, денсаулық сақтау, почта-байланыс бөлімдерінде аудармашы мамандар бар.

Білім беру саласында 46 жалпы білім беретін мектептер бар, оның ішінде қазақ тілінде оқытатын мектептердің саны - 26, аралас тілде - 17, орыс тілінде - 3.

Ауданда басқа ұлт өкілдерінен қызмет атқаратын мұғалімдер мен оқушылар, еңбек ұжымдары арасында мемлекеттік тілде байқаулар өткізіліп тұрады. Мемлекеттік тілден басқа ұлт өкілдері арасында өткен облыстық конкурста біздің аудан екінші орынға ие болды. Басқа да тілдерді дамыту мақсатында ауданымызда мәдени орталықтар ашылды. Тассуат, Заречное, Майоровка ауылдарындағы орыс, украин, неміс мәдени орталықтары жақсы істерімен жұртшылықтың ризашылығына бөленіп келеді. Орыс және аралас мектептерде қазақ тілін үйрену үйірмесі қалыпты жұмыс істеуде. Үйірмені білікті мұғалімдер жүргізеді. Мектептерде қазақ тілінде сөйлеу күндері, қазақ тілі апталығы, қазақ тілінде әдеби кештер, мектепаралық айтыс, мәнерлеп өлеңдер оқу, қазақтың салт-дәстүрлерін көрсету байқаулары бағдарламаларға сәйкес уақытында өткізіліп тұрады. "Қыз сыны", "Жігіт сұлтаны" байқаулары мектептерде орын алуда.

Барлық мектептерде талапқа сай жабдықталған қазақ тілі мен әдебиеті кабинеттері жұмыс істейді. Бес мектепте мұражайлар бар. Олар тәлім-тәрбие саласында кеңінен пайдаланылып, оқушылардың өздерінің туған жерінің тарихын тереңінен білуге, келешекте азаматтық жақсы көзқарастарын қалыптасуына көмектеседі. Кейінгі жылдары облыстық ономастикалық комиссияның шешімімен оқу-ағарту саласының үздіктері Қайып Шәйменов, Өмірзақ Тұрлыбеков есімдері Шахтер мен Талдысай орта мектептеріне берілді. Қазақ тілінде шығатын басылымдарға жазылу қарқыны жыл сайын арта түсуде. Аптасына бір рет ауданда қазақ және орыс тілінде "Нұра" газеті шығады. Тіл туралы заңды басшылыққа ала отырып, "Нұра" газеті тілдерді дамыту жүйесіне өзінің тиісті үлесін қосып келеді. Тілге байланысты қабылданған заң мен қаулылар газетте жарияланды және осы мәселенің төңірегінде мақалалар жарық көрді. "Тілің-тұғырың" деген айдармен қазақ тілінің мемлекеттік деңгейге көтерілгенін, оның қолдану аясының жылдан жылға кеңейіп келе жатқаны туралы мақалалар жарияланды. Мереке күндеріне арналған материалдар, мемлекеттік лауазымдық бос орындарға жарияланған конкурстар және ауыл шаруашылығының басты науқандары да қазақ, орыс тілдерінде беріліп жүр. Деректер мен көрнекті ақпарат тілі мемлекеттік тілде беріледі. Мемлекеттік мекеме мен ұйымдардағы ақпараттар екі тілде рәсімделген. Дүкен мен сауда орталықтарында мемлекеттік тіл қолданылады. Ауданда 32 кітапхана, 29 мәдениет ошақтары бар. Мәдени шаралар қазақ ауылдарында мемлекеттік тілде, ал басқа да ұлт өкілдері тұратын жерлерде орыс-қазақ тілдерінде өтеді. Қасым Аманжоловтың туғанына 90 жыл, Ғабит Мүсреповтың туғанына 100 жыл толуына байланысты болған өлкетану сабағы кітапханамызда қазақ тілінде болды. Ал Теңіз өңірінде негізінен қазақтар тұратындықтан, мұндағы мәдени шаралар мемлекеттік тілде өтеді.

Қазақ тілі негізінен жүйелі түрде, мақсаты айқын шаралар арқылы шаруашылық, әлеуметтік, мәдениет, денсаулық, оқу-ағарту салаларында, басқару органдарында өзінің тиісті орнына ие болуы керек. Мемлекет тілге байланысты өзіне қатысты мәселелердің бәрін айқындап берді. Сондықтанда қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, мемлекеттік тілімізді дамыту мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстарымызды одан әрі толықтырып, ширатып, жетілдіре беру біздің бүгінгі міндетіміз, абыройлы борышымыз.

*НОВОСТЬ*

## Уборку завершили первыми

По данным районного департамента сельского хозяйства , 17 сентября первыми в районе завершили уборку зерновых на площади 3400 гектаров, при урожайности 9,2 центнера с гектара, хлеборобы ТОО «Жартас» (Намысов Д.О.), 18 сентября – крестьянское хозяйство «Балыктыколь» (Мырзагулов Ш.А.) на площади 2285 гектаров, 19 сентября – ТОО «Кайнар» (Ныгметов С.А.), хлеборобы которого убрали хлеб на площади 24 тысячи гектаров, урожайность составила 12 центнеров с гектара.

Сердечно поздравляем коллективы названных хозяйств с трудовой победой!

*22 СЕНТЯБРЯ - ДЕНЬ ЯЗЫКОВ НАРОДОВ РК*

## Люби свой язык, уважай язык друга - и весь мир станет твоим домом!

Велика роль языка в оценке прошлого и настоящего и в прогнозе будущего любого народа. Ведь язык не только средство общения, но и средство взаимопонимания между народами. Наше государство, повышая статус казахского языка, не меньше внимания уделяет развитию языков других народов, проживающих на территории многонациональной республики.

Немцы, как и другие многочисленные этнические группы Казахстана, активно включились в проведение мероприятий по развитию национального языка. Благодаря посольству Германии у нас в республике открыто 400 курсов по 160-часовой программе, а по линии германского общества по техническому сотрудничеству - 415 курсов по 80-часовой программе. С 21 сентября 1998 года в Казахстане работают бесплатные курсы. Всего сейчас изучением немецкого языка занято 13600 человек. Курсы обеспечены специальными учебными пособиями.

У нас в республике при областном немецком обществе «Возрождение» и культурных центрах работают 57 немецких детских воскресных школ, в которых обучаются 2600 детей. В Караганде в «Немецком образовательном центре «Видергебурт» для учащихся воскресных школ организуются праздники языка.

Выделенные Министерством информации и общественного согласия финансовые средства - 40 тысяч тенге направлены для поддержки и развития языка.

В Алматы прошел II республиканский фестиваль современного творчества немецкой молодежи «Югенд». В нём приняли участие около 200 человек, представляющих 20 коллективов из Казахстана, Кыргызстана и России.

В сентябре в Республике Казахстан будет проведен День немцев Казахстана, в котором примут участие члены Совета немцев республики, предприниматели, деятели науки и культуры.

**Р. АЛЬШИНБАЕВА,**
**учитель немецкого языка СШ Путь Ленина.**

## Горячая пора

*ЖАТВА-2002*

По данным районного департамента сельского хозяйства, на 17 сентября скошено и обмолочено 124,3 тысячи гектаров, намолочено 111,9 тысячи тонн, урожайность составила 9,0 центнеров с гектара, включено в работу 650 комбайнов, засыпано семян – 9,4 тысячи тонн, вспахано зяби - 4,0 тысячи гектаров.

## «Хотим управиться в срок...»

***Работа в горячую пору уборочной страды в ТОО «Черниговское» не прекращается ни днем, ни ночью.***

Уборку хлебов кобетейцы начали в конце августа с ячменя, чуть позже подошла очередь и пшеницы. По словам главного инженера хозяйства Анатолия Николаевича Литвиненко, на конец первой декады сентября из 8 тысяч гектаров убрано 2 тысячи. Урожайность составляет 9,8 центнера с гектара. В уборке задействованы все 14 комбайнов хозяйства, из них один новый, приобретенный в прошлом году по лизингу.

Рабочий день у механизаторов начинается с 7 часов утра и продолжается до 12 часов ночи, а на току работа не прекращается ни днем, ни ночью. Кормят механизаторов бесплатно. Завтрак, обед и ужин привозят прямо в поле. После 10 часов вечера ежедневно работает недавно открытая новая баня.

Круглые сутки работает и ремонтная мастерская. Здесь при необходимости могут за день без особых усилий даже перебрать двигатель. Отлично трудятся слесари Самат Ильясов и Сейфулла Шенбаев. И хотя ремонтных работ много и есть потребность в запчастях, т.к. техника в основном старая, простоев не бывает. Люди трудятся слаженно, дружно, с хорошим настроем, отсюда и высокая производительность труда. Особенно хороших намолотов добиваются старейший комбайнер Балгабай Майлыбаев, работающий на комбайне «Енисей», и молодой механизатор Бахытжан Жантурсунов, за день намолачивающий до 32 тонн зерна. На вывозке отлично работают Абай Ескенов – на тракторе «К-700», Жаслан Ескенов – на «Т-150», Тадеуш Топейко – на «КамАЗе». Они ежедневно вывозят из-под комбайнов по 120-130 тонн зерна нового урожая.

Уборка венчает усилия механизаторов, затраченные в течение всего сельскохозяйственного года, а сделано было немало: особое внимание стали уделять работе с землей, прополке и т.д. И все это, конечно, несмотря на капризы погоды, обязательно скажется на урожае. Хотя есть и проблемы: низка клейковина зерна – 20-23 процента. Но в хозяйстве надеются, что процент клейковины в результате хранения увеличится до необходимых 25 процентов.

Параллельно с уборкой зерновых идет засыпка семян, фуража, вспашка паров. На сегодня засыпано 120 с лишним тонн семян, вспахано 1000 гектаров паров, идет подготовка техники для вспашки зяби. Несмотря на заготовленные 2200 тонны сена, в хозяйстве продолжается сенозаготовка, завозится солома. В том, что хозяйство уверенно наращивает темпы производства, большая заслуга его директора Сабита Нурмухамедовича Калденова, за 3 года сумевшего превратить хозяйство из отстающего в благополучное.

Уборка урожая набирает темпы. Самое заветное желание хлеборобов хозяйства: управиться в срок. Все, что от них зависит, они делают. Вот только бы не подвела погода.

**Л. ГОРДИЕНКО.**

## ӨНЕГЕ - ТІЛДЕН

*ТІЛІҢ-ТҰҒЫРЫҢ*

2 қыркүйекте Астанада ҚР-сы Парламентінің екінші шақырылымының төртінші сессиясы өз жұмысын бастады. Онда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастан-аяқ қазақ тілінде сөйлеп, заң шығарушылық жұмысты жетілдіру және заңнамалар сапасын арттыру туралы өз ойларын ортаға салды.

Бұл мемлекеттік тіл саясатының шежірелі шеңберінде болмаған үлкен іс. Міне еліміз көлемінде жыл сайын тіл мерекесі белгіленіп өтуінің өзі нақты дәстүрге айналды.

Биылда солай. Тіліміз, діniміз, діліміз, діңгегіміз болса мемлекеттік тіліміз бүкілхалықтық тілге айналатын кезде алыс емес ағайын. Күн жылытпайтын суық көңілді сөз ғана жылыта алады. Жақсы сөз жан сүйсіндіреді. Құлаққа ұғымды, ойға қонымды келеді.

***"Тіріні көрге салар да - сөз***
***Өліні тірілте алар да - сөз"***

деп Әлішер Навои айтқандай, ой неғұрлым нәрлі, тіл неғұрлым алғыр болса шығарма сол құрлы нәрлі, алғыр. Ой жүдеу, тіл шорқақ болса, шығарма құқын жоғалтады, оқушысын бездіреді. Сөз - ойдың айнасы. Тіл - көңілдің тілмәші. Ой мен тіл тарихи тұрғыдан алғанда бірдей пайда болып, бірдей даму кезеңдерінен өткен.

**"Тіл өнері - дертпен тең"** деп Абай бабамыз айтқандай тіл неғұрлым қарапайым болса, ол соғұрлым тартымды, көркем болады, соғұрлым нысанаға дәл тиіп, ол соғұрлым жеңімпаз болмақ. Бүгінгі таңда өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді зиялы азамат емес. Сөз өнерінің сұлулығынан халықтың жан сұлулығы туындайды. Ежелден, атам заманнан тіл - елдің мәдениеті, әдебиеті өсіп-өніп, от басындағы тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел-жұрттың, жалпы мәдениеттің арнаулы құралы - ғылымның атаулы саласы екендігі даусыз.

Қазақта "Өнер алды - қызыл тіл" деген сөз бар. Халық өткен дәуірдегі аталарымыздың қалдырып кеткен өнегелі сөздерін беріле тыңдап, жақсы өнеге, тәлім-тәрбие алып, рухани азық, азбас-тозбас қазына, тарихи шежіре болдыра біліпті. Қазақ халқының басынан кешкен сан алуан айтыс-тартыс, дау-жанжал, қуғын-сүргін сияқты тар есік, тас босағаның шежіресі де осының бір айғағы.

Әйгілі Жиренше шешен, Қаракөзайым, Тыныбайдың мырзалығы, Әз-Жәнібек, Қаракерей Абыз, Бұқар, Байдалы, Саққұлақ, Тоғай шешендер мен беріректе болған Бықыш шешендердің сөздері, қазіргі заманның өзінде, ұрпақтарға беретін ақыл-кеңестің алға ұстайтын үлгісі мен ұйытқысы болып отыр. Қазақ халқы әрқашан асыл сөз, мақал-мәтелді мақұлдап, жүрегіне тоқып, сары майдай сақтап ұрпақтан-ұрпаққа жалғай білді.

"Тіл өнері - көңілдің айнасы, жанның саясы" десе, "Тілдің таянышы не, әрі не, нәрі не?" дегенде шешендер: **"Жүздің көркі - көз, тілдің көркі-сөз. Сөздің атасы - ақыл, анасы - тіл. Адам ақылдан өл, тілден нәр алады"** деп шешкен екен.

Тіл сүйексіз болғанымен, болмысты болдырып, көнбесті көндіріп, қисықты түзеткен тәрбиеші бола білген. Өнегелі сөз бір адамның аузынан шыққан бір-ақ ауыз сөз болғанымен, халықтың асыл қазынасы мен мұрасына айналған сарқылмас кені болған.

"Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді" дейді. Адамның кішіпейілділігі мен мәдениеттілігін, әдептілігі мен адамгершілігін тек тіл ғана таныта, түсіндіре білген. Аз сөзбен көп мағыналы жайды түсіндіре білу терең ақылға, тіл байлығына байланысты.

Қазақтың сөз тапқыш шешендері ашылмас тұман, серпілмес қасіреттен де құтқарып отырған. Тастан қатты сараңды жібітіп, бермесін бергізген. Ақын Сүйінбай-сараң Тезек төреңі сөзбен жеңіп, ат мініп, шапан киген тарихы бар емес пе.

"Әттең, тілге келсе көрер едім" депті бабаларымыз. Егер тілге келіп ұғысқанда, нендейбір пәле жаладан да, ату мен асудан да құтылып кеткен екен. Сонда, тіл - атқан оқ, шапқан қылыштан өткір қару болғаны ғой.

Қайсыбір мақтаншақ, көпірме адамдар өз сөзінен өзі опық жейтін жайт көп кездеседі. "Сөйлегенше сөзіңе өзің қожасың, сөйлеген соң әз сөзің өзіңе қожа", "Өзі ынжықтың сөзі де ынжық" деген мәтелдер осының куәсі сияқты.

Сөйлеу өнеріне дағдылану оңайға соқпайды. Сөйлегеннің жөні осы деп дәмсіз, нәрсіз даңғырлай беруді доғару керек. Халық сөйлеген сөздің қысқа, терең мағыналы, қызықты болуын қалайды. Тіл өнегесін үйрену үшін көп тыңдап, көп ұғу қажет.

Барлық жақсы өнеге, дәстүр тек кітап, баспа арқылы адам зердесіне қонады. "Өнеге - тілден" деудің мәні: әр кітап өз тілінде сөйлеп көрген-білгенін айтып үйретеді, білімге, өнерге жетектейді. Кейбір кітапқа үйір болмаған адам, роман, повестерді "ойдан шығарған қиысты сөз" деп мән бергісі келмейді.

"Айтушы ақылды болса - тыңдаушы дана болады", "Айта білмеген ауыздан, тыңдай білген құлақ артық", "Егер сөйлей білмесең, үндемегеннің өзі абзал", "Әуелгі сөзің рас болса, соңғы сөзің бедел табады" дейді халық. Сөйлеушілерге айтар сөзіне сақ қарап, мейлінше ұқыпты, шыншыл, көркем де түсінікті, дәмді болуын талап етеді.

Қазақта: "Ердің құны, нардың пұлы" деп айтылатын аңыз әңгіме бар. Екі ел арасында ұзаққа созылған атыс-шабыс сияқты шырматылған шиеленістің шешімін шешендердің жүйесін тауып айтқан жалғыз ауыз сөзі шешіп, халықты бітімге, береке-бірлікке келтіріп, қуғын-сүргіннен құтқарған. **"Ай ортақ, Күн ортақ, шебердің қолы ортақ, шешеннің сөзі ортақ"** дейді. Әлемге Ай мен Күн қандай ортақ болса, шешен де сондай ортақ деп, жоғары бағалап келген бабаларымыз.

"Батыр жауда озады, шешен дауда озады" дейді және де, жау да - жау, дау да - жау. Ендеше шешен адам дауға салар батылы, батыры бола білген.

Сөз қазынасы - халықта. Халықпен тілдесіп, әр елдің әдет-ғұрпымен танысып, жақсы-жаманын ұғып, түсінудің өзі, адамның ақылына, ақыл-ойына ой қосатын өмірден оқыған үлкен мектеп деген сөз. Көкейге қонымды сөз, әсерлі ақыл-кеңес талай "шу асауларды" жуасытып, жөнге келтіріп, талайды азамат қатарына қосатыны өтірік емес

**Шөмей БІЛГІШБАЙҚЫЗЫ.**


*Продолжается подписка на районную газету «Нұра». Цена для индивидуальных подписчиков - 500 тенге, организаций - 1000 тенге.*

ОРАҚ-2002

# Отқанжарлықтардың бітік егіні айналымына орташа 15 центнерден өнім беруде



- Қазір бара жатқан танаптың түсімі оншалықты емес, - деп



бастады әңгімесін шаруашылық басшысының коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары Таңатар Отарбаев. - Гек-



тарына небары 11 центнерден айналуда. Себебі жері әбден ескірген, топырак құнарын көтермейінше болмайды. Ал ол үшін танапты күзде агротехникалық талап тілегінде жыртып, оған екпе шөп сеуіп тастау керек. Бізде негізі бір бригада ғана бар. Оны ұйымдастырушылық қабылеті мен жастық жалыны ұштасқан Қанат Төлеуов деген жігерлі азамат басқарады. Ал оның оң колы есептелетін бригада агрономы Оралбай Жаров кезінде бас маман боп қызмет істеген тәжірибелі жан. Шаруашылық есебінде барлығы 11 комбайн бар. Бүгінгі таңда осының бәрі де орақка қызу ат салысып жүр. Әлбетте, әркімнің қабылет-біліктілігіне қарай көрсеткіштері әркилы. Орақтың алғашқы сәтінен көш бастап, әріптестеріне үлгі өнеге боп келе жатқан Аманжол Сатыбалдин мен Николай Естремский. Бұлардың алғашкысы комбайнға бекітілген маусымдық жоспарын орындап шықса, соңғысы оны 85 процентке жеткізді. Сондай-ақ Рыспай Шалабеков, Тұтқабай Смағұлов, Жанат Отарбаев, Қанат Есенбеков, Александр Естремский, Болат Мусин, Евгений Соколов және басқалары да бірін-бірі өкшелей жоғары жетістікке жетіп жүрген орақтың тұлғалы қатысушылары. Ал тасымалда дала алыбын тізгіндеген Семен Естремский, Серік Сәрсенбаев, Самат Башаев сияқты механизаторлар күндік көрсеткішін тұрақты асыра орындап, орақ машиналарының толассыз жоғары қарқынмен жұмыс істеуін қамтамасыз етіп жүрген майталмандар. Мінекей, астық майданына қатынасушылардың ұйымшылдық пен іліккімділік танытуы арқасында қазіргі таңда 4 мың гектарға жуық дәнді дақылдың 80 проценті орылып болды. Егерде ауа райы аяқ астынан мінез көрсетіп, кедергі болмаса, енді бірер күнде науқанды ойдағыдай аяқтап шығарамыз. Және, ең бастысы ол, гектар берекесі диқанның бел жазбай жыл он екі ай сіңірген еңбегін ақтап отыр.

Иә, отқанжарлықтардың бітік егіні шаруашылық бойынша айналымына орташа 15 центнерден өнім беруде. Ал жекелеген танаптан тіптен 18 центнерге көтерілген. Әрине, мұның артында, Тәкең айтпақшы, диқан қауымы сіңірген батпан бейнет жатыр. Ол бүгінде еселеген күйде егінжай төсінде жалғасын табуда. Қазір орақты дендеп қалған шақта, механизаторлар маңдай терді аямай төгуде. Мұндай көрініске егінжай басына келе-ақ көзіміз жетті. Комбайндар бітік бидай алқабында теңіз толқынында қалқыған кемеше әсер етіп, аластай берді. Әлбетте, аңыз шетінде шоғырланған неше алуан ауыл шаруашылығы техникасы аз болмай шықты. Бұлар негізгі тұлға - комбайншылардың жабдықтаушы көмекшілері. Солардың ортасында жылжымалы қос бірден көзге ұрады.

- Жүріңіздер, әуелі аспазшымен таныстырайын, - деген Қанат Төлеуов жол сілтеді. - Ас адамның арқауы болса, Майра Әшірбекова дайындайтын тағамға ұжым дән риза. Қазір 20-дан астам адам екі мезгіл тамақтанады. Ал Мәкеннің науқаны көктемде басталады. Әсіресе оған шабындыққа шалғы түскенде салмақ көп түседі. Себебі тамақтанушылар саны 30 дейін жуықтайды.

Шынында аспазшының еңбегі енбек-ақ қой. Жазғы аптап ыстықта тұрақты плита жанында болу оңай ма. Тек, ыдыс-аяқты жуудың өзі неге тұрады? Ал Майра Әшірбекованың бригада аспазшысы атанып, диқан-механизаторлар алғысына бөленгеніне көп жылдың жүзі болды.

- Енді мына жігіттермен таныс болыңыздар, - дейді бригадир. - Жанат Омаров жанар май таситы арнайы автокөлік жүргізушісі, Қуаныш Есенбеков - дәнекерлеуші, жастар тәлімгері, ал Айдос Есенбеков (ағасының баласы) реттеуші. Бұларды техникалық жедел көмек десе де болады.

- Бітік егіннің, қазіргі қарқынды еңбектің сыры неде дер едіңіз?

- Әлгінде ә дегеннен аспазшымен таныстырдым. Бірден ашып айтуым керек шығар. Бізде еңбек адамына деген қамқорлық, ерекше орында. Ал ол тікелей шаруашылық директоры Қанат Отарбаевтың ұстанып отырған саясатымен байланысты. Бұл жерде мәселе тек қана ұжымды азық-түлікпен қамтамасыз етуде жатпаса керек. Мәселе көрсетіліп отырған кең ауқымды қамқорлықта жатыр. Соның ішінде жалпы ЖШС мүшелеріне, олардың балаларына көрсетілетін жан-жақты жағдай мен диқан механизаторлардың тиесілі астығын шаруашылық арқылы дұрыс бағамен өткізіп, мыңдаған теңге тірі ақшаны қолдарына ұстататынын айтсақ та жеткілікті шығар. Одан беріде мына Тәкеннің жабдықтау жағын жіті қолына алып, шаруашылық үшін, еңбек адамы қамы үшін жарғақ құлағы жастыққа тимеуінен деуіміз жөн. Бұ кісі өмір көрген, кеңшар уақытында бас маман боп, жауапты саланы басқарған тәжірибелі, қабілетті ұйымдастырушы.





Иә, Таңатар Отарбаев кезінде "Нұра" кеңшарының білікті прорабы ретінде көпшілік көзіне түссе, бүгінде рыноктық қатынастың құпияларын терең түсінген жан-жақты маман. Әділінде қазір ол тың қырынан көрініп, ауылдастарының шынайы құрметіне бөленуде. Күн демейді, түн демейді көбінде темір тұлпар үстінде жүреді. Содан да ісі алға басады, ауылдастарының ойынан шығады. Әрине, оған іргелес аудандар мен облыс орталығындағы бұрнағы екіжақты ұжымды байланыстарының шапағаты тиіп жүргені де рас.

- Міне қазіргі қарқынды еңбектің сыры да осындай факторлерге сүйенеді, - деді сөзін сабақтаған Қанат Төлеуов. - Адамға деген қамқорлық пен пәрменді ынталандыру бар жерде жауапкершілік болады. Ал бұл дегеніміз тікелей жоғары өнімділікке жетелейтін бірден-бір ықпалды негіз. Айталық, жермен жұмыс істегенімізде агротехникалық талаптарды бұзбауға барынша назар аударылады, күш жұмсалынады. Биыл да біраз жерді жыртып үлгеруге нақтылы талпыныстар жасалынуда. Одан беріде: "Не ексең, соны орасың" деген нақылды әсте естен шығармаймыз. Және көктемгі ылғал жауып, дән сіңіруде қойылатын талаптардың да болашақ бітік егіннің негізін қалайтынын жақсы түсінеміз. Тек, техникалық қуатымыз, жабдықталуымыз осалдау болып тұр...

Бригадирдің уайымы белгілі жәйт. Бірақ, оған әзірше жағдай келіңкіремейді. Дегенмен мұны шешпейінше, ауыл шаруашылығы машиналар паркін шама-шарқыға қарай нығайтпайынша ертеңінің көмескі боларын, отқанжарлықтар жақсы түсінеді. Және оған белгілі түрде негіз қалануда қарастырылуда.

ФОТОРЕПОРТАЖ





Комбайндар танапты бір айналып, терістікке тағы бет алды. Бірінің соңынан бірі қалмай қаздай тізілген 11 машинаға сүйсінбей қарау мүмкін емес. Және қызығы ол, бәрінің де артындағы сабан тиегіш тіркемесінің түбі ағытылып алынған. Осыдан да барып ұсақталған сабан біркелкі қалыңдықпен аңыз бетін жал болып жауып жатыр. Мұның мәнісін бригада агрономы Оралбай Жаров былай деп түсіндірген еді: "Бұл ертеңгі күні аңыз бетінде біркелкі ылғал түсудің белгілі агрономиялық тәсілі. Біз мұны соңғы уақта тұрақты пайдаланып келеміз".

**Боташ БЕКМАҒАМБЕТОВ,**
**"Отқанжар" ЖШС.**

**Суреттерде: озат орақшы Аманжол Сатыбалдин; директордың орынбасары Таңатар Отарбаев орақшылар ортасында; озат орақшы Николай Естремский; техникалық көмек тобының мүшелері Қуаныш Есенбеков, Айдос Есенбеков және арнайы автокөлік жүргізушісі Жанат Омаров, астық тасымалындағы Серік Сәрсенбаев, комбайншы Евгений Соколов; астық тасымалдау озаты механизатор Семен Естремский; аспазшы Майра Әшірбекова; қазша тізілген комбайндар шеруі.**

---

УЧЕНИЯ

# Надо быть готовыми к ЧС

**С 26 по 29 августа в нашем районе были проведены комплексные учения по чрезвычайным ситуациям и гражданской обороне. Последний раз подобные учения проходили в 1994 году.**

К чрезвычайным ситуациям природного и техногенного характера относят землетрясения, наводнения, паводки, пожары, бури, снежные заносы и



ураганы, эпидемии, эпизоотии, дорожно-транспортные происшествия, производственные аварии и т.д. В нашем регионе особую опасность представляют степные пожары, особенно в период сбора урожая, ураганные ветры и засуха. Так, в этом году степные пожары были зарегистрированы практически во всех районах области, два крупных пожара произошло в Шетском и Улытауском районах. Сложные ситуации складываются в паводковый период. Высока возможность аварийности и других ЧС на объектах хозяйствования вследствие износа оборудования, нарушения правил техники безопасности. За период 2002 года в области произошло 17 случаев чрезвычайных ситуаций.

Одной из форм подготовки руководящего состава, органов управления, сил и средств гражданской обороны, комиссий по ЧС являются учения -мероприятия, направленные на обеспечение готовности к действиям в чрезвычайных ситуациях, защиты, населения и устойчивого функционирования объектов хозяйствования при возникновении ЧС. Ежегодно в областном управлении по ЧС разрабатывается годовой план основных мероприятий, в том числе проведение комплексных учений. Вот такие запланированные учения по теме: «Управление силами ГО и ЧС в ходе ликвидации последствий аварий, катастроф и стихийных бедствий» прошли в нашем районе. Это были пятые по счету учения, проводимые в области в этом году областным управлением по ЧС и службами ГО и ЧС.

Основные цели учений: проверка готовности органов управления, сил ГО и ЧС, отряда экстренного реагирования к действиям по ведению спаса-





тельных работ в ходе ликвидации последствий крупных аварий, катастроф, стихийных бедствий, проверка реальности планов ГО и ЧС на мирное и военное время, наличие и реальная готовность пунктов управления, формирований аварийно-спасательных служб, их укомплектованности и оснащенности.

В состав участников учений вошли руководители штаба во главе с заместителем начальника областного управления по ЧС подполковником С.Н.Васильевым, посредники от областных служб ГО и ЧС, службы и формирования ГО и ЧС района.

Основные мероприятия проводились во второй день учений. В 7 часов утра был дан сигнал «Шторм» и началась работа по вводным ЧС сначала мирного времени, а потом военного. Состоялся практический смотр отряда экстренного реагирования, который представляла пожарная часть района во главе с командиром отряда - начальником ПЧ-39 ГУ ГПС Ф.Ф. Гизатулиным, смотр команды поиска и спасения людей (командир - начальник ДЭУ-48 А.С. Гринь), других групп и отрядов. Аварийную техгруппу представляли районные связисты, энергетики, ра-



ботники газового хозяйства, передвижную автозаправку - Киевское АТП, передвижной пункт питания - кафе «Майрам», бригаду скорой помощи - ЦПМСП, группу разведки - СЭС, группу охраны общественного порядка - районная полиция, группу сопровождения - ГАИ. Была осмотрена техника, проверена готовность населения к тушению пожара, пункта выдачи средств индивидуальной защиты (СИЗ), эвакоприемного пункта, где были показаны хорошие знания функциональных обязанностей, получены практические навыки развертывания. После заслушивания посредников по результатам проверки районных служб ГО и ЧС, акимов сельских округов по действиям при ликвидации ЧС, смотра готовности ППУ акима района были подведены итоги учений. Было отмечено, что руководители всех служб и предприятий района, задействованные в формированиях и отрядах, с чувством большой ответственности отнеслись к проведению районных комплексных учений. Комиссией по учениям в районе была поставлена высшая оценка.

Аким района Д.М. Кусаинов выразил благодарность всем участникам этого важного мероприятия и особенно руководителям штаба КРУ за оказание конкретной помощи в ходе проведения учений.

**Л. ГОРДИЕНКО.**

**На снимках: отряд экстренного реагирования: группа охраны общественного порядка; проверяется готовность техгруппы; идет проверка документации и оснащенности бригады скорой помощи.**

# Алланың берген бақыты



Қазақстан Республикасының танымал халық емшісі, көріпкел, ҚР-сы мұсылман халқына дін жолын уағыздаушы, жастарды имандылыққа, тәртіпке шақырушы, студент, ақын, жазушы, әрі домбырашы, әнші "Ақ Әулие" атанған Ақбота қызымыз денсаулық күзеті жолында аулымызға келді. Хош келдің аяулы Ақбота, қабыл алайық, халайық!

Ақты ақ деп бағалар. О, игі жақсы ағалар! Бүгінде ел ішінде бақсы-балгер, емші-домшылар көбейген тұста кімге сеніп, кімге қоярыңды білмей жүргенде сонау Жамбыл облысы Шу қаласынан ауылымызға Гүлнұр есімді емшілік, көріпкелдік қасиеттерімен елге танылған "Ақ әулие" қыз келгелі бір жұма болды. Биназарова Гүлнұр Тұрсынқызының бойына бұл қасиет жастайынан қонса керек. Әу баста ол Шу қаласының Дорожный көшесіндегі № 2 үйде емшілік жасап тұрады. Сол кезден-ақ ел аузына іліні, ақ баталарын алыпты. Аппақ киім киген ақ маңдайында арабша өрнектелген суреті бар акжібек перделі ару қыздың әр сөзі алдында отырған адамның көкейінен шығып шындықпен үндесіп жатса, іздегенің сол ғой. Дерегі білінген дүдәмал дүние мен емі айқындалған сырқаттың соңын күтпей-ақ тәуіптің айтуымен қимылдап ілгері бассаңыз, манағы көріпкел қыздың құралақан еместігіне көзіңіз жетеді. Тіпті оның емдеу, қабылдау сәттеріне келуге асығасыз.

Аудандық "Арман" кафесінің атшаптырым, сәнді де кең залына орналасқан Гүлнұр сонадайдан аққудың көгілдіріндей-ақ тәпсісін тартып, ойлы жүзбен, қоңырқай үнімен іштей күбірлеп отырды. Алдына келген жанға ізетпен иіліп іркілмей білгеннің, өзіне сенгеннің ісін толық жасап отырғаны қандай деңіз. Сырқатсыз, мұңсыз кім бар дейсіз. Бәрінің де мұнда келіп жатқан тәубәсі осы.

Өз басым көріпкелдік қасиетіне иландым. Емшілік қасиеті әрине ілгеріректе білінетіні сөзсіз. Тәуіп қызымыздың мұнша ертерек "Әулие" атануына таңдандым да, сұрадым.

- Көз алдыма аруақтар елестеп, құлағыма күбірлеп тұрады. Олар маған "Ақ әулие" деп бетімнен өбіп, маңдайымнан сипайды. Бірде "Белбасардағы" нағашыларымның үйіне келгенде құлағыма марқұм, әжемнің дауысына өте ұқсас бір үн келіп өзіме ырық бермей: "Үстіңдегі киіміңді ауыстыр" деп тіл қатады. Зәрем ұшқан мен жалма-жан халатымды киіп, басыма орамал тарттым. Іле-шала әлгі дауыс құран сөздерін сарната жөнелді. Менде өзімше ілесе жөнелдім, - деді ол. Құрбылары сияқты шашын келтелеп, шолақ қиып шолжыңдап, киіктің лағындай секеңдеп жүрген Гүлнұр әпсәтте құран сөздерін жатқа айтатын халге жетеді. Тіпті аяқ-қолы құрысып-тырысып ауыра береді. Әлде бір күш буып, булығып сырқаттана берген соң ата-анасы Тұрсын мен Өріккүл бақилық болған туыстарына бағыштап мал сойып құран оқытып, құдайға құлшылық жасайды. Гүлнұр Мойынқұм ауданындағы Биназардың басына барып құран оқытып келген соң, аян берген аруақтар оның құлағына: "Осыдан бес жыл бұрын дүниеге келуі тиіс баланы апаң құрсағынан алдырып тастады, ол бала тірі болғанда ше, әлемге аян Ақ әулие атанатын еді. Енді сол қасиеттер саған дариды. Сенің атың "Ақ әулие" - деп күңіреткен екен. Құран сөздерін нәшіне келтіре айтып шыққан тәуіп қыз өзінің "Ақ әулие" атануын осылайша баян етті. Оның емшілік, көріпкелдік қасиеттерін естігендер ағылып келіп жатыр. Үстіне жара шығып жазылмай жүргендерге адыраспан, сабан оқып беріп сауықтырады. Бас ауруларын, ішкі құрылыстарын емдетіп жазылғандар есепсіз екен.

- Аурудың бәрін емдеймін, - дейді. Ол келген адамның ауруын, тәпсісін тартып отырып анықтайды екен. Одан кейін қолына қамшы, пышақ және кісе алып дем салады. Тәпсі тартып отырғанда қанша рет дем салатыны белгілі болатын көрінеді. Мысалы, алладан перзент тілеп зар еңіреп жүрген ерлі-зайыптыларға 9 күн дем салады. Екеуін етбеттерінен жатқызып орталарына отырып екі алақанын белдеріне жақындатып, дем салған. Ақ әулие тоғызыншы күні сұқ саусағына қойдың майын жаққызып: - Қазір нәресте менің саусағыма оралады дегенде ешкім сенбесе керек. Бірақ саусақты шопылдатып сорған дауысты естігенде үй ішінде отырғандардың иланбасқа шарасы қалмаған екен. Бала көтермей жүрген әлгі келіншекке: "Алақаныңды жай" - деген Ақ әулиенің әмірі мүлтіксіз орындалады. "Міне қолыңа бала салдым, ие бол" - дегенде келіншек еңіреп жылап жіберген. Сөйтсе қолында жаңа туған баланың салмағы сезіліпті.

- Оны қалай білдіңіз? - деген сұрағына Ақ әулие:

- Ағуз бика деген періште мені аруақтармен тілдестіреді. Олар маған нәрестені сыйлағанда сәби үні құлағыма шалынады. Содан білемін - деп сол бөлмедегі қабырға сөрелерге қарады. Мен де қарадым. Көзіме еш нәрсе шалынбады. Ал, ол: "Аруақтар маған көрініп тұр" - деді.

(Бақытжан Текебаев. "Ақ жол" газетінен).

"Ақ әулие" қыз біздің ауданымызда болған кезінде алдына келушілерден бата алып, ауруын анықтап, тез емдеп жазатынын тілге тиек етті. Сонау заманда, яғни бүгінде ұзақ ғұмыр кешіп ғасыр жасап отырған анамыз: "Молланың тілегі жаман, бақсының жүрегі жақсы, жолы ақ" - деп тәптештейтін. Алдымызға келіп, халқымыздың денсаулығы үшін алланың берген бақытын алдымызға жайып салып, көріпкелдігімен, емшілігін қоса ізгі ниет, ізетті мінезімен көптің көңілінен шығып отырған Биназарова Гүлнұр Тұрсынқызының "Денсаулық жылындағы" сәтті сапарына, Ақ әулиенің ақ жолына тәубәшылық жасап, таршылық емес, баршылықтың, аманшылық пен адамшылықтың, ізгілік пен игіліктің сәтті қадамдарын жасайық, ағайын.

"Ақ әулиеге" арналған оның табиғи алланың сыйлаған таңғажайып құбылысынан зор қуат алған жерлесі, Қордай ауданы Қаракемер ауылының ақын қызы Самакова Шұғаның "Қызыма арнаймын" деген өлеңінен үзінді келтіруді жөн көрдік.

### Қызыма арнаймын

*Жыр жаздым, Ақ Ботадай қызыма арнап*
*Аян берген емшілікке, Қыдыр қолдап*
*Хош келдің біздің ауыл, Қара-кемер*
*Апаң отыр, емделген өлең жолдап.*

*Барма өзі, Ақ Ботадан өткен сұлу*
*Жаныңа лебізінен, жеткен жылу*
*Көріпкел айтып жатты, науқастарын*
*Оңай емес, денеден дертті жұлу.*

*Дініміздіояндырдың әуел бастан*
*Ақ Ботаға білдірген ғой өте жастан*
*Бір түнде, Қыдыр атадан бата алып*
*Көріпкелдік қасиетті бірге қосқан.*

*Алып тұр көп жыл қатқан, сары суды*
*Ауру ғой қуаныштан есін жыйды*
*Құдырет беріп тұрды, күш пен білім*
*Көзбенен көріп сонда халық тұрды.*

*Ауруды айтпай-ақ, сен көріп бердің*
*Айтқаны тура болып, көріп келдің*
*Қазақтан шыққан сенсің, Ақ періште*
*Ақ Бота, Ақ Әулие атағын алдың елдің*

*Ата-анасына, рахмет! дүниеге алып келген*
*Ақ Ботаға, Ақ Әулие, халық берген*
*Ел үшін, еңбек етіп, ел аралап*
*Ауылға келіп отыр, алыс жерден*

*Ортада тұр, Ақ Әулие! қалқып жүзіп*
*Арам қанды денеден алды сүзіп*
*Денедегі үйыған тұзды көрсе*
*Тастағанын білмейсің үзіп-үзіп*

*Шын жүйрік өршеленді, өрге шауып*
*Алдыға озып келеді жолды тауып*
*Ақ Бота толықсыған бойжеткен қыз.*
*Алдыңды торымасын ешбір қауып.*

Сөз соңында:

*Сенің атың Әулие қыз*
*Басқа қыздың аты қыз.*
*Ақ маңдайлы арысым,*
*Талабың алдан өтелсін.*
*Аулыңның таңы бол*

*Маңдайдағы бағы бол* - деп нұралықтар атынан ат ізін салып, амандықтың тілеуін тілеп келген "Ақ Әулие" Ақ Ботаға қанатың талмасын, жағың түспей жамандық көрме демекпіз.

**Шәмей БІЛГІШБАЙҚЫЗЫ,**
**журналист.**

**Суретте: Шу өңірінен келген Ақ әулие Ақбота қызымыз Гүлнұр Тұрсынқызы.**

## Мы в ответе за них

Начался новый учебный год. Дети после летних каникул возвратились за школьные парты. Но, к сожалению, статистика свидетельствует и о печальных фактах: кто-то погиб или остался инвалидом в результате дорожно-транспортных происшествий (ДТП). Причиной этого стали слабые знания правил дорожного движения, неправильное поведение на улицах и дорогах, а также халатное отношение родителей к своим детям, которые позволяют им управлять автомобилями и мотоциклами без наличия водительского удостоверения и навыков вождения транспорта.

Только совместными действиями ОДП, школы, родителей и самих ребят мы сможем сохранить жизнь нашему будущему - детям!

АКТУАЛЬНО

## Внимание, техосмотр!

**В целях обеспечения безопасности дорожного движения ежегодно проводится технический осмотр транспорта. В нынешнем году он начался с 01.04.2002 г. и продолжится до 30.09.2002 года.**

Согласно приказу № 787 от 12.11.2001 г. МВД РК, весь транспорт подлежит техническому осмотру на станциях ТО или других объектах, оборудованных для этой цели.

После получения диагностических карт на транспортные средства необходимо обратиться в отделение дорожной полиции (ОДП) по месту регистрации транспортного средства для получения свидетельства и талона о прохождении технического осмотра 2002 года.

Дополнительная проверка транспорта проводится в ОДП для выявления угнанного и похищенного транспорта, а также перебитых номерных знаков на узлах и агрегатах транспорта.

Для прохождения техосмотра необходимо предъявить:

для физических лиц:

- удостоверение личности,
- водительское удостоверение на право управления,
- свидетельство о регистрации автотранспорта,
- нотариально удостоверенную доверенность на право управления и распоряжения транспортным средством,
- справку об уплате налога на автотранспорт,
- медицинскую справку,
- диагностическую карту с указанием параметров автотранспорта;
- для юридических лиц:
- свидетельство регистрации юридического лица,
- списки, подтверждающие численность автотранспорта, находящегося на балансе данного предприятия,
- свидетельство о регистрации автотранспорта,
- документ на каждое транспортное средство, подтверждающий полноту уплаты налога,
- диагностическую карту с указанием параметров автотранспорта,
- водительское удостоверение закрепленного водителя с наличием разрешающей категории на данное транспортное средство,
- медицинскую справку водителя.

Из постановления Правительства РК «О правилах проведения государственного технического осмотра автотранспортных средств и прицепов к ним в 2002 году»:

Находящиеся в эксплуатации на территории РК зарегистрированные в установленном порядке транспортные средства подлежат обязательному техническому осмотру в дорожной полиции МВД РК.

Техническому осмотру подлежат ежегодно:

1. Автобусы, автомобили-такси, легковые автомобили, владельцы которых занимаются частным извозом, грузовые автомобили, оборудованные для перевозки людей, независимо от форм собственности - один раз в квартал.

2. Специализированные транспортные средства для перевозки опасных грузов - два раза в год, в первом и во втором полугодии, с периодичностью не менее 3-х месяцев между осмотрами.

3. Транспортные средства юридических и физических лиц, за исключением транспортных средств, указанных в пунктах 1 и 2 - один раз в год, в период с 01.04.02 г. до 30.09.02 г.

От уплаты налога на транспортные средства освобождаются:

инвалиды по имеющимся в собственности мотоколяскам и автомобилям - по одному автотранспортному средству;

Герои Советского Союза и Герои Социалистического Труда, лица удостоенные звания «Халық қаһарманы», награжденные орденами Славы трех степеней и орденом «Отан», многодетные матери, удостоенные звания «Алтын Алка» и «Мать-героиня» по имеющемуся в собственности одному автотранспортному средству.

После завершения срока прохождения технического осмотра транспорта на владельцев транспорта как физических, так и юридических лиц, не прошедших годовой технический осмотр, будет налагаться штраф в сумме от 4116 до 5761 тенге согласно ст. 461 ч.6 Административного Кодекса РК. ОДП просит всех владельцев транспорта в срок пройти годовой технический осмотр.

**Ж. ДЮСЕКЕЕВ,**
**ст. госавтоинспектор ОДП**
**Нуринско›э РОВД,**
**ст. л-нт полиции.**

ГОССЛУЖБА

## Спрашивали – отвечаем

***В адрес управления Агентства РК по делам государственной службы поступают вопросы, касающиеся государственной службы. Ответим на некоторые из них.***

**Вопрос. Чем отличаются открытый и закрытый конкурсы и кто может принять в них участие?**

Конкурс проводится открытым или закрытым способом после опубликования объявления о проведении конкурса в официальных изданиях средств массовой информации. Если проводится открытый конкурс, то право принять участие имеют все граждане Республики Казахстан. В закрытом конкурсе принимают участие только административные государственные служащие.

**Вопрос. Для кого устанавливается испытание при поступлении на административную государственную должность? Засчитывается ли срок испытания в стаж государственной службы?**

В соответствии с п.п. 1-4 ст. 15 Закона РК «О государственной службе», может быть установлено испытание на срок до трех месяцев для гражданина, которого впервые приняли на административную государственную должность или на административную государственную должность вышестоящей категории по результатам конкурсного отбора.

Если срок испытания истек, а административный служащий продолжает государственную службу, он считается выдержавшим испытание и срок испытания засчитывается в стаж государственной службы. Последующее увольнение допускается только по основаниям, предусмотренным законодательством.

**Вопрос. В каких случаях может осуществляться переход госслужащего из одной должности в другую?**

В соответствии с п. 2 ст. 12 Закона РК «О государственной службе» занятие административной государственной должности внутри одной категории должностей государственными служащими в порядке перевода в том же государственном органе может осуществляться без конкурсного отбора, при условии соответствия административных государственных служащих, претендующих на занятие этой должности, предъявляемым квалификационным требованиям.

УЧЕНИЯ

# Гражданская оборона - всенародное дело

***Гражданская оборона Республики Казахстан является составной частью общегосударственных мероприятий по обеспечению национальной безопасности в области защиты населения, экономики и территории республики от поражающих факторов современных средств поражения, а также от стихийных бедствий, крупных аварий и катастроф.***

Организация и ведение Гражданской обороны - одна из важнейших функций государства, составная часть его оборонных мероприятий. Порядок организации и ведения Гражданской обороны определены Законом Республики Казахстан «О Гражданской обороне» от 07.05.97 г.

Агентство по ЧС является центральным исполнительным органом не входящим в состав Правительства РК, осуществляющим межотраслевую координацию, а также исполнительные специальные и разрешительные функции в области предупреждения и ликвидации чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера, Гражданской обороны Республики Казахстан, пожарной безопасности, надзор за безопасным ведением работ в промышленности и горного надзора.

Участившиеся случаи ЧС мирного времени привели к необходимости создания формирований по ГО и ЧС. Формирования ГО по предназначению делятся на:

основные формирования:

разведки, спасательные, медицинские, инженерные, противопожарные, аварийно-технические, радиационно-химической защиты;

обеспечивающие формирования:

связи, материально-технического обеспечения, транспортные, охраны общественного порядка, защиты животных и растений и другие.

Общее количество, структура и численность формирований ГО определяются, исходя из достаточной необходимости, обеспечивающей надежную защиту населения, и с учетом характера и объема выполняемых работ, наличия людских ресурсов, необходимых специалистов, техники и местных условий.

Во исполнение Закона Республики Казахстан «О Гражданской обороне» от 07.05.97 г., в целях выполнения специальных мероприятий ГО и ЧС в мирное и военное время в Нуринском районе с 26.08.02 г. по 29.08.02 г. были проведены комплексные учения по ГО и ЧС, на которые прибыли представители всех служб в составе 16 человек.

Учения проводились согласно регламента поэтапно в течение 3 дней. Основные мероприятия проводились во второй день учений. Были проверены готовность отряда экстренного реагирования, команда поиска и спасения людей, СИЗ, эвакоприемная комиссия.

В целях обеспечения своевременного спасения людей и недопущения их гибели в чрезвычайных ситуациях в задачи отряда экстренного реагирования входят: борьба со стихийными бедствиями, ликвидация последствий крупных аварий, катастроф, оказание первой медицинской помощи пострадавшим при чрезвычайных ситуациях и эвакуация их из зоны ЧС. Поэтому особое внимание проверки готовности уделялось отряду экстренного реагирования. В состав отряда экстренного реагирования входят все службы, имеющиеся в районе. Командиром отряда назначен по приказу начальника ГО и ЧС района начальник ПЧ-39 ГУ ГПС подполковник внутренней службы Ф.Ф. Гизатулин. От умелых и грамотных действий отряда зависит спасение и недопущение гибели людей в экстренных случаях. Немаловажную роль в отряде экстренного реагирования играет пожарная часть района, которая в полном составе входит в отряд. В ходе проверки противопожарной службы от комиссии по ГО и представителя от управления области замечаний не было. Вся необходимая документация по ГО, техника и личный состав были в полной боевой готовности.

Руководители всех служб и предприятий района, задействованные в формированиях и отрядах, с чувством большой ответственности отнеслись к проведению учений по гражданской обороне и ЧС.

Комиссией при подведении итогов по учениям в целом по району была поставлена высокая оценка.

Акимом района была объявлена благодарность всем руководителям служб и предприятий района, принимавшим участие в учениях.

**К. КАМИЕВ,**
**зам. начальника**
**ПЧ-39 ГУ ГПС,**
**ст. л-нт внутренней службы.**

ЗА ЗДОРОВЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ

## НОВЫЙ СПОРТИВНЫЙ ГОД НА СТАРТЕ

***8 сентября в Киевской средней школе №1 под руководством преподавателей физкультуры И.Ю. Пронина, Ж.О. Жантуовой, О.М. Мустафина прошли соревнования, посвященные акции «Старты надежд на улицах Мира».***

Учащиеся 10-11 классов соревновались в эстафете на 2000 метров. I место завоевала команда 11 класса, на II месте - команда 10 класса.

Учащиеся 7-10 классов приняли участие в легкоатлетическом кроссе, мальчики - на 1500 метров, девочки - на 1000 метров.

I место на дистанции 1500 метров завоевал Масевич Юра из 9 "б", II место у десятиклассника Саши Мохова, III место у Сосина Юры из 9 "а" класса.

Среди девочек места распределились следующим образом: I место заняла Таня Байзель из 9 "б" класса, II место - ее одноклассница Даубер Аня, III место у Эрики Теккель из 9 «а». Хорошие результаты показали и семиклассники.

Пятиклассники и шестиклассники соревновались в беге на 700 метров (мальчики) и 400 метров (девочки). На дистанции 700 метров победителем стал Мусихин Витя из 6 «а», на II месте - Сартаев Меирхан из 5 «а» на III месте - Ахметов Бекзат из 5 «б». Среди девочек I место у Вицу Инны (6 «а»), II – Завгородней Маши из 5 «б», III место - у ее одноклассницы Ахметовой Даны.

Мальчики начальных классов бегали на 100 метров, девочки на 60. Победителями среди мальчиков стали Бычков Вадим из 3 "а", Шилин Артем из 4 «б» и его одноклассник Шкаренко Денис. У девочек первой была Еккель Таня, II место заняла Оралбекова Зарина, III - Винченко Алена, ученики 4 «б» класса.

В мероприятии активное участие приняли классные руководители, обеспечивавшие безопасность участников соревнований.

**Ж. ЖАНТУОВА,**
**преподаватель физкультуры КСШ № 1.**

## Вниманию предпринимателей района!

24 сентября в 10 часов утра в здании районного акимата пройдет акция «Чиновник и предприниматель». Все желающие могут принять участие в работе данной акции.